

КЕЛІСЕМІН

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК басшысы Д.Қалқаев _____
2022 жыл



БЕКІТЕМІН

Қостанай облыстық «Композиторлар Одағы» Қоғамдық бірлестігінің төрағасы А.Мұқатов _____
2022 жыл



«Бақытты балалық» атты балалар әндерінен облыстық авторлық әндерінің онлайн байқауы.

2022 жыл «Балалар жылы» болып жариялануына және 1 маусым балаларды қорғау күніне байланысты «Бақытты балалық» атты балалар әндерінен облыстық авторлық әндерінің онлайн байқауы.

Ұйымдастырушылар:

- Қостанай облысы әкімдігі Мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК;
- Қостанай облыстық «Композиторлар Одағы» қоғамдық бірлестігі.

Байқаудың мақсаттары:

- Балалар әндерінің сапасын жақсарту;
- Қазіргі заманауи отандық композиторларды қолдау;
- Композиторлардың дарынын одан әрі шыңдау;
- Музыкалық ұжымдар мен орындаушылардың репертуарын жаңа шығармалармен байыту.

Байқау шарттары:

Байқауға 21 жастан жоғары кез-келген кәсіби немесе әуесқой композитор қатыса алады.

Өтінімдер 13 мамырға дейін qostanai_kompozitorlar_odagy@mail.ru пошта жәшігіне жіберілуі тиіс.

Өтініммен бірге қатысушының орындалатын авторлық әнінің нотасы, әннің мәтіні, әннің сапалы MP3 нұсқадағы «+», орындаушының сахнадағы бейненұсқасы қоса жіберілуі міндетті.

Байқауға балаларға арналған 1 авторлық ән ғана қатысады.

Байқау 1 кезеңнен (онлайн) тұрады.

Байқау қорытындысы офлайн форматта 1 маусым Балаларды қорғау күні мерекелік концертте марапатталады.

Байқаудың қазылар алқасы қатысушылардың авторлық әндерін бағалау кезінде төмендегі талаптарды негізге алады:

Әннің шартқа сай болуы;

Әннің құрылымы;

Ән сөзінің мағынасы;

Орындаушылық шеберлігі;

Әннің өңдеуіне.

Байқаудың жүлделері:

I орын (біреу)

II орын (біреу)

III орын (біреу)

Сонымен қатар үміткерлер диплом мен ынталандыру сыйлықтарымен марапатталады.

Байланыс: 8(7142)560412; 87025425144